

Тастада қалған таңбалар

Гүлсана МЕДЕУБАЙТЕГІ

Қатпарлы тарихы бар қазақ даласы қадым заманнан осы жерді мекендеген ежелгі қауым мәдениетін құшағына алып жатыр. Соның ішінде Арқа жері де ескі заманның ескерткіштеріне кенде емес. Әсіресе соңғы жылдары өңірдегі археологиялық зерттеу жұмыстары жаңа құнды жәдігерлерді тауып, тарихымызды танып-білуде орасан зор үлес қосып жүр. Сары даланың төсінде жатқан балбалдар, қорғандар, петроглиф таңбалар көне дәуірдің көзі іспетті. Мыңдаған жылдар бұрын осы өңірді мекендеген ру-тайпа өкілдерімен тастағы тылсымға толы таңбалар арқылы тілдесуге болатындай. Өкініштісі, аспан астындағы мұражай-

«Өлеңті жазбалары»

Тай ауылынан он шақырымдай қашықтықта, Өлеңті өзенінің оң жақ тұсында «Өлеңті жазбалары» деп аталып келген таңбалы тастар бар. Мұндағы түрлі жануарлар, адам бейнелері тастарға бөдізделіп салынған. Жазық далада аяқ астынан пайда болғандай көрінетін тастақ жерде бірнеше үңгір орналасқан. Тас таңбалар өткен ғасырдың 70-ші жылдары табылған екен. Павлодар өлкетану мұражайының мәліметі бойынша, 1988-2007 жылдар аралығында В.К.Мерц бастаған археологиялық экспедиция бірнеше рет зерттеу жүргізген. 2005 жылы бұл жерді Ә.Марғұлан атындағы институт мамандары көріп, тіркеген. Ол кездері 17 ірі тақтатаста (блокта) жылқы, бұқа, бұғы, түйе, басқа да антропоморфты (аңбасты адамдар) сұлбалар



қорыққа айналдыруға болатын алқаптардағы жәдігерлер қорғауға алынбай қор болып жатыр.

Айтпағымыз, жердің астындағы археологиялық қазбалар емес, аспан асты, жер үстінде жатқан, сан ғасыр жел өтіне төселіп, қар мен судан бұзылмай аман қалған ескерткіштер туралы болмақ. Петроглиф өрнектер туралы ғалымдар әртүрлі тұжырымда. Қайсыбір ғалымдар «тастағы бейнелер сол жердің халқының тұрмыс-тіршілігінен, мәдениетінен хабар береді, олар сондай-ақ наным-сенімдерін де тасқа қашаған» дейді. Ғалымдардың келесі бір тобы жартастағы өрнектерді сол кездегі қауымның жазу стиліне теңейді. Біртекті жазу стилі болмағандықтан олар ойларын түрлі бейне-таңбалар арқылы жеткізіп, бүтін бір оқиғаны сыйғызған. Оны кейбір таңбалардың қайталанып отырғанынан көруге болады екен.

Ғылымның петроглиф тылсымын зерттеу саласы Қазақстанда кенжелеп қалған. Өлкетанушы ғалымдар бір кездері «петроглифтердің сыры, ғылыми жаңалығы ашылмай кетпесін десек, оларды қорғауға алуымыз керек» деп дабыл қаққан еді. Әзірге оған құлақ асқан ешкім жоқ. Баға жетпес асыл қазынамыздың бақыр құрлы құны болмағаны-ау сонда. «Қолда бар алтынның қадірі болмастың» кері. Талайды таңдай қақтырған, тарихтың өзегі саналған таңбалы тастар табан астында тапталып жатыр.

Әлгі айтқан петроглифтер біздің өңірден де табылып тұр. Соның ішінде бізге ең жақыны - Ақбидайық жазығының ескерткіштері мен «Өлеңті жазбалары». Енді соларға тоқтала кетсек.

мен аңға шығу сәті суреттелген бейнелер болыпты. Кей тұстарда қабан бейнесіндегі нобай суреттер байқалады.

Археолог Айбар Қасеналиннің айтуынша, бұл жерде кешенді зерттеу жұмысы жүргізілмеген. Мұның бір себебі Қазақстанда петроглифтермен айналысатын мамандардың аздығында болса керек.

Қазір жоғарыда аталған таңбалардың көбі жойылған. Тасқа өз есімдерін қашауды ермек өткендер мұннан да табылады. Ең сорақысы, мұндағы нобай суреттер салынған жартас беттерін әлдекімдер кесіп өтетіпті (!). Мұны істеген әуесқой зерттеушілер ме, не құнды дүниенің тек өзінде ғана болуын қалайтын тоғышар коллекционер ме, ол жағы беймәлім.

Өлеңті ауылдық мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Талғат Сағындықұлы осы маңға жылда мектеп оқушыларын әкеледі екен. Туған өлкесінің тарихын білсін деген мұғалімнің бұл ісі құптарлық. Бірақ оның айтпағы басқа.

«Өздеріңіз көріп отырғандай, бұл жерде балаларға көрсетерлік ешнәрсе қалмады. Бұрындары осы жерде күнбасты, мүйізді адамдардың, соқаға жегілген бұқаның анық бейнелері болатын. Дәл сол анық көрінген тұс-тарын қиып өкетіпті, -деп налыды ол.

Дала ескерткіштері мұнымен шектелмейді. Тарихшы мұғалім осы маңнан сәл алысырақ мұртты қорғандар жатқанын мәлімдеді. Тасмола мәдениетіне тән археологиялық ескерткіштер алдағы уақытта кешенді зерттеуді қажет етеді.

Бабалар аманаты Ақбидайықта

Майқайың станциясының оңтүстігіне қарай 3 шақырымдай жердегі Ақбидайық жазығында да бейнелі тастарды көруге болады. Мұндағы бірнеше тастың бетіне петроглифтер қашалған. Археолог Айбар Қасеналиннің айтуынша, бұл таңбалар энеолит-ерте қола дәуірінің жәдігері.

- Таңбалардың түсірілген мерзімін



анықтайтын арнайы әдістер бар. Бейнелердің сыртқы түріне қарап болжам жасасақ, бұл шамамен біздің заманымызға дейінгі III-II мыңжылдықтарда салынған, - дейді маман. - Негізгі композициялары – бұғы, жылқы кейпіндегі белгілер. Антропоморфты бейнелер де кездеседі.

Өкінішке қарай, жаңбыр қышқылы мен желден кейбір тастар жарылып, таңбалар жойыла бастаған. Оның үстіне осы маңнан өтіп, тас белгілерді қызықтаушылар да өз «қолтаңбасын» қалдыруға тырысыпты. Тастардың біріндегі үлкендеу етіп қашалған «Әсет» деген жазу тас таңбалардың сұрқын кетіріп-ақ тұр. Талай ғасырдан аман жеткен құнды мирас адамзат қолынан жасалған қиянаттан осылайша өшіп жатыр.

Ақбидайықтағы таңбалы тастарды 1998 жылы ғылыми қызметкер В.К.Мерц келіп көріп кетіпті. Одан бергіде басқадай зерттеу не ескерткішті қорғау жұмыстары жүргізілмеген. Бұл жерде тіпті дала ескерткіштері бар екендігі жазылған тақтайша да қағылмаған.

Біз көмегіне жүгінген археолог Айбар Қасеналиннің айтуынша, аталған екі елді мекендегі таңбалардың ұқсастығы да, айырмашылықтары да бар. Екі жерде де бұқа немесе өгіз, бұғы бейнелері бір-біріне ұқсайды. Сонысына қарап, бір кезде кейбір тайпаларда қабан культі болғанын еске түсіруге болады. Күркілдеген қабан бір жағынан жігер мен күшті білдірсе, екінші жағынан өсімталдықтың нышаны деп қабылданған. Соқаға жегілген өгіз халықтың егін шаруашылығымен айналысқанын білдірсе керек.

Өзгешелігіне келсек, белгілердің тасқа соғылу техникасы әртүрлі екен. Бірінде таңбалар тасқа қашау арқылы бейнеленсе, екіншісінде тасты тасқа соғу арқылы жүзеге асырылған. Сол кездегі адамдар тастардың қатты-жұмсақтығына байланысты осындай әдіс қолданыпты.

Тастағы таңбалар - бізге дейін өмір сүрген қауымдардан қалған ескерткіш-белгі. Олардың сыры терең зерттеліп біткен жоқ. Қадымнан қалған қолтаңбаның қадірін түсініп білгенімізше қаншама уақыт керек?! Жұмбақтастардың жұмбақ сыры соңғы таңбалармен өшпеуі үшін оларды қорғауға алу қажет-ақ. Себебі тарихымыз өз қолымызбен тоналып жатыр, тапталып жатыр. Бүгінге аман жеткен тарихи-мәдени ескерткіштерімізді бүлдіріп алсақ, кейінгі буын асыл мұрамызды фотосуреттен де тамашалай алмайды. Өкініштісі де сол.

Салтанат Ордабаева, қалалық өлкетану мұражайының қызметкері:

- Мұражайда таңбалы тастардың интернеттен алынған суреттері мен жалпы мәліметтер бар. Ол мәліметтерді жинап, кезінде мәдениет бөліміне де тапсырғанбыз. Ал, ескерткіштерді қорғау мәселесімен жергілікті билік айналысуы тиіс. Ескерту тақтайша орнату, қоршауға алу, күту - солардың міндеті.